


№3 арнайы мектеп

Педагогикалық кеңес жұмысы

(2023-2024 оқу жылы)






ALLDAY.RU



№3 арнайы мектебіндегі педагогикалық кеңес отырыстарының жоспары
(2023-2024 оқу жылы)

№	Қаралатын мәселелер	Уақыты	Орындаушылар
	1 отырыс		
	2022-2023 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру Баяндама: Қазіргі заманғы бала және оның мәселелері.	<i>тамыз</i>	<i>Дефектолог Утеева Ж</i>
1.	2023-2024 оқу жылының мақсат, міндеттері. Әдістемелік нұсқау хат талқылау.		<i>А.У Джумагазиева</i>
2.	Үйден оқытылатын оқушылар жайлы, және олардың сабақ кестесін бекіту.		<i>А.К Тулебаева</i>
3.	2022-2023 оқу жылында аттестациядан өткен және тестке баратын мұғалімдер туралы.		<i>Мектеп әкімшілігі</i>
4.	2023-2024 оқу жылындағы сынып жетекшілер мен кабинеттерінің бекітілуі. Әртүрлі мәселелер.		
	2 отырыс		
	« Білім беру барысындағы сапалы білім мен тәрбие беру – мектептің басты ұстанымы» Баяндама: Бастауыш сынып оқушыларының ізденушілік, зерттеушілік қабылеттерін арттыру	<i>қараша</i>	<i>Бастауыш мұғалімі Шукирбаева К</i>
1.	Оқу-тәрбие жұмысы бойынша 1-тоқсанда атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау, 2-тоқсанға жоспарланған жұмыстар мен міндеттер		<i>ОІМ А.К Тулебаева Сынып жетекшілер</i>
2.	0,1,5 сыныптардың бейімделуі, сабаққа қатысуы туралы.		
3.	Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыс барысы.		<i>ДТЖО Сулейманова А.Х</i>
	3 отырыс		
	« Мұғалімінің іс- әрекеті – бала тұлғасына жол». Баяндама: "Ерекше білімге мұқтаж балаларды әлеуметтендіру"	<i>қаңтар</i>	<i>Әлеуметтік педагог Сұлтан А</i>
1.	1-жарты жылдық бойынша атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарын қорытындылау және талдау		<i>Мамандар Сынып жетекшілер</i>
2.	2-жарты жылдыққа жоспарланған жұмыстар мен міндеттер.		
3.	Аттестациядан өтетін мұғалімдер тізімін анықтау.		<i>ОІМ. Тулебаева А.К</i>
4.	Апталықтың өткізілуі туралы		<i>Бірлестік жетекшілері.</i>

	4 отырыс 2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау Баяндама: БАЛА МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ БҰЗЫЛУ СЫҢЫПТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	Наурыз	Психолог Джалгабаева У.
1.	Оқу-тәрбие жұмысы бойынша 3 – тоқсанда атқарылған жұмыстарды қорытындылау және талдау.		OIM Тулебаева А.К
2.	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс жүргізу туралы		Мамандар
3.	Оқушыларды ПМПК комиссиясынан өткізу, уақытша бақылаудағы оқушыларды дайындау.		Психолог Джалгабаева У. Сынып жетекшілер.
	5 отырыс 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың білім сапасы мен қозғалысы.	мамыр	Бастауыш сын.мұғ/i: Төрениязова Б
1.	Оқу жылының аяқталуы туралы. а) оқу жылын аяқтау туралы нұсқаулықты талдау ә) емтиханға жіберу және оқушыларды келесі сыныпқа көшіру туралы б). 9-сыныптарында жүргізілген емтихандардың қорытындысы; Педагогикалық ұжымның 2023 – 2024 оқу жылындағы жұмыстарын талдау және жеке мұғалімдердің жетістіктерін бағалау		А.У Джумагазиева OIM Тулебаева OIM Тулебаева
3.	Жыл бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесіне сәйкес 2024-/2025 оқу жылына қойылатын міндеттер мен талаптар		OIM Тулебаева



Педкеңес отырысы

31.08.2023 о.ж

Педкеңестің №1 хаттамасы.

Педкеңес өткізілген күн : 28.08.2023 ж

Қатысқан мұғалімдер : 35 мұғалім

Тақырыбы: «2023 - 2024 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру»

Қаралатын мәселелер :

1. Баяндама: «Қазіргі заманғы бала және оның мәселелері.»
2. 2023-2024 оқу жылының мақсат, міндеттері. Әдістемелік нұсқау хатты талқылау
3. Үйден (жеке) оқытылатын оқушылар туралы және олардың сабақ кестесін бекіту.
4. 2022-2023 оқу жылында аттестациядан өткен және алдағы уақытта аттестация тапсыратын мұғалімдер туралы.
5. 2023-2024 оқу жылындағы сынып жетекшілер мен кабинеттерінің бекітілуі.

1. Педкеңестің алғашқы сөзін мектеп дефектологі Ж. Утеева өзінің «Қазіргі заманғы бала және оның мәселелері» тақырыбындағы баяндамасымен бастады. Мақсаты : бала тәрбиесіндегі кездесетін қиындықтар және оларды болдырмаудың жолдары туралы кеңес беру. Биылғы оқу жылында былтырғы өзін-өзі басқара алмаған қиын оқушылардың биыл да қиындық туғызатынын , және олармен жұмыс жасауды күрделендіру керектігін айтып өтті.

2. Оқу -ісінің меңгерушісі Тулебаева А.К алдағы оқу жылының мақсат, міндеттеріне тоқталды. Биылғы оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды. Осы оқу жылының басында бала саны 136 болды , ал қазіргі таңда 142 , оның 34- үйден (жеке) оқитын , ал 108 /і мектепте. Түске дейін 59 оқушы, түстен кейін 49 оқушы білім алады.

3. Үйден (жеке) оқытылатын оқушылар туралы және олардың сабақ кестесін бекіту. Биылғы оқу жылында мектеп жанынан үйден (жеке) оқытылатын 34 оқушы бар. Оның ішінде :

1. 1 сынып – 4 ,оның :2- жеңіл түрде, 2 – орташа деңгейде;
2. 2 сынып - 4 ,оның :2 – жеңіл ,2- орташа ;
- 3.. 3 сынып – 3 оқушы, оның 1- жеңіл түрдегі, 2- орташа деңгейде ;
- 4.. 4 сынып - 3 оқушы :2 – орташа ,1 – жеңіл, 1- ЗПР;
- 5.. 5 сынып - 3 оқушы , оның 2- жеңіл , 1- орташа;
- 6.. 6 сынып: - 4 оқушы ,оның 3 орташа, 1-ЗПР;
- 7.. 7 сынып - 3 оқушы ,оның 1 жеңіл, 2 орташа;
8. 8 сынып - 3 оқушы , оның 2 жеңіл, 1 орташа;
- 9.. 9 сынып – 5 оқушы , оның 3 орташа, 1 жеңіл, 1 ЗПР

Әрбір оқушыға жетекші бекітілді , оларға пән мұғалімдермен үнемі байланыста болып ,сабақтың кесте бойынша өткізіліп тұруын , оқушының денсаулығына да мән беруін және уақытында баланың жағдайын айтып отыру міндеттелді.Сабақ кестесі жабдыкталып , аянаға таныстырылып, қол қойдырылды.

4. 2022-2023 оқу жылында аттестациядан өткен және алдағы уақытта аттестация тапсыратын мұғалімдер туралы. Бұл мәселе туралы ДОІМ Тулебаева А сөз сөйлеп, биылғы оқу жылында өз біліктілігін арттыру мақсатында тестке барып, өз санаттарын қорғаған 11 мұғалімді атап өтіп, мектеп әкімшілігі атынан құттықтады. Олар:

1. Сүйеубаева Д - модератор (дефектология)
2. Төрениязова Б - модератор (бастауыш)
3. Утельбаева Б - сарапшы (математика)
4. Тілегенова Ш - сарапшы (математика)
5. Кайназарова А. – сарапшы (тарих)
6. Қалдыбаева С - модератор (дефектолог)
7. Жалғасбаева К - модератор (дефектолог)
8. Акимбаева Г. - модератор (бастауыш)
9. Утеева Ж - модератор (дефектолог)
10. Түгелбаева С. - сарапшы (дефектолог)
11. Аккулова Р. - модератор (логопед)

Біліктілік санатын жоғарлатуға тиісті мұғалімдер:

№	Мұғалімнің аты-жөні :	Еңбек өтілі	Санаты
1	Тәжен А	6 жыл 11 ай	педагог
2.	Таубаева Ж	7 жыл 5 ай	педагог
3.	Рахышева З	4 жыл 6 ай	педагог
4.	Чураякова А	8жыл 11 ай	педагог
5.	Қойшанова А	3 жыл 11 ай	педагог
6.	Шукирбаева К	14 жыл 2 ай	педагог
7.	Найзағараев Ә	3 жыл	педагог
8.	Конусова А	5 жыл	педагог
9.	Джалғабаева У	3 жыл	педагог
10	Тиркешова М		педагог

5. . 2023-2024 оқу жылындағы сынып жетекшілер мен кабинеттерінің бекітілуі

Биылғы оқу жылында 11 сыныппен ашылдық, олар :

№	Сынып - тар	Оқушы саны	Сынып жетекшісі	Ұл	Қыз	ЗПР	Жеңіл деңгейдегі	Орташа деңгейдегі
1	1а	10	Төрениязова Б	7	3	---	10	---
2	2а	9	Сұлтан А	7	2	---	7	2
3.	3а	12	Сақтағанова А	9	3	---	12	---
4	4а	12	Рахышева З	6	6	---	12	---
5	4ә	6	Сатыбалдиева Т	1	5	----	----	6
6	5а	11	Нұрадин С	8	3	----	9	2
7	6а	12	Утеева Ж	8	4	----	12	---
8	7а	11	Аяпберген Ш	5	6	----	11	---
9	8а	7	Тұрмағанбетова Г	4	3	----	7	---
10	9а	11	Сүйеубаева Д	8	3	2	9	---
11	9ә	7	Нұрғазиева Ұ	5	2	---	----	7

Кестеде көрсетілген мұғалімдер сынып жетекшілер болып бекітілді. Биылғы өзгерістердің бірі жаңа жабдықталған кабинеттерге жауапты мұғалімдер бекітілді. Олар :

1. « Ұлдар шеберханасы » - жауапты еңбек пәні мұғалімі Аккулова Ж
2. « Қыздар шеберханасы » - жауапты еңбек пәні мұғалімі Сүйеубаева Д
3. «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау » – жауапты әлеум..т.б мұғалімі Құлжанова Қ

Қаулы :

- 1.Алдағы оқу жылындағы міндеттер жомпар бойынша орындалсын
 2. Үйден (жеке) оқытылатын оқушылардың сабақ кестесі жасақталып , бекітілсін
 3. Біліктілік санатын жоғарлату мақсатында тестке баратын мұғалімдердің тізімі жасақталсын
 4. 11 сыныптың жетекшілері оқушылардың, ата-анасымен тығыз байланысқа шығып , өз жұмыстарын жауапкершілікпен атқаруы жыл бойы назарда болсын.
- Осы жұмыстардың дұрыс атқарылуын ОІМ А.Тулебаеваға тапсырамын

Педкеңес төрайымы: А.У Джумагазиева

Хатшы: А.К Тулебаева



№ 1 хаттамасы

Төрайым : Аккулова Ж.

Хатшы : Турмағанбетова Г.

Қатысқандар: Бірлестік мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. Мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын бекіту
2. Жаңа оқу жылындағы жоспарларды талдау
3. Жаңадан пайдалануға берілген кабинетке жауапты мұғалімдерге бекіту

Тыңдалды:

Бірлестік төрайымы Аккулова Ж сөз сөйледі. Ол өз сөзінде биылғы оқу жылында, жаңа үлгідегі кабинет жабдықтарына байланысты, әр кабинетке жауапты мұғалімдер бекітілетіні туралы айтты:

Олар:

3-кабинет «Қыздар шеберханасы» Еңбек пәнінің мұғалімі Суйеубаева Дариха

6-кабинет «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» Еңбек пәнінің мұғалімі Кулжанова Карлыгаш

7-кабинет «Ұлдар шеберханасы» Еңбек пәнінің мұғалімі Аккулова Жайжан
жаңа оқу жылындағы жоспарларды талқылап, күнтізбелік жоспарларды бекітті.

Биылғы 2023- 2024 оқу жылында бірлестікте 6 мұғалім бар.

Мұғалімдердің барлығы жоғары білімді.

Қаулы :

1. Бірлестік мүшелері анықталып, оқу жылында жасалатын жұмыстардың жоспары және күнтізбелік жоспар тексеріліп, бекітуге ұсынылсын
2. Кабинеттер аталған мұғалімдерге бекітілсін.

Төрайым :




Аккулова Ж.



№3 арнайы мектебі

Қазіргі заманғы бала және оның мәселелері (Баяндама)



Дефектолог: Ж.К. Утеева

2023-2024 оқу жылы

Қазіргі заманғы бала және оның мәселелері

(Баяндама)

Қазіргі заманғы бала және оның мәселелері.

«Балалар құрметке сенім мен достыққа, қарым-қатынасқа лайық, олармен осы жылы сезімді анық жағдайда, көңілді күлкі, наздану мен таңдану, таза жарқын және қуанышта болу бізге жағымды тиеді»

(Я.Корчак)

Балалардың ең бір ғажабы әр сәттегі мінез-құлқы, былдырлап шыққан тілі, әр жеткен жетістігі деп білеміз. Әрбір адам, ата-ана, педагог бола алатын ойлана отырып бүлдіршіндерге мұқият қараған дұрыс деп білеміз. Қазіргі заманғы балалардың жеке тұлғасын қалыптастыру мәселелері білім мен тәрбие беру тұжырымдамасында негізгі орын алады. Оқу-тәрбие жұмыстарын бүгінгі білім стандартын сай кешенді түрде жүргізу арқылы балаларды біртұтас тұлға етіп қалыптастыру.

Әрбір адам өзінің дамуында үш кезеңді басынан өткізеді; жетілу, кемел жас және кәрілік. Бала ағзасының жетілуі – даму, өсу және дене пішінінің қалыптасуы арқылы жүреді. Баланың дамуы – ағзада өтетін сапалы өзгерістер арқылы білінеді. Елбасы ана мен балаға қамқорлық жасауға баса назар аудару қажет екенін 2030 жылғы жолдауында айтып кеткен болатын. Баланың өсуі мен дамуы үздіксіздігімен жолдауында айтып, кеткен болатын. Баланың әркелкі дамуы, оның психологиялық дамуы әртүрлі деңгейде болады. Бұл баланың жеке басының ақыл – ой процестерінің дамуына ғана емес, сонымен қатар оның тәрбиеленген орта жағдайына да байланысты болады. Тақты ғұлама ғалым ӘЛ-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деген.

Барлық тәрбиешілер, болашақ тәрбиешілер, ең алдымен алдындағы балабақша бүлдіршіндерінің жан-жақты тәлім-тәрбие алуына, олардың ішкі қабілетін анықтауға, дарынын шыңдауға, сол арқылы өздері көздеген тәрбие бұлағынан сусындауына әрдайым жағдай жасайды.

Ал, психологиялық жағынан алып қарастырсақ, жеке баланың бағыт-бағдар көрсететін компоненттері көп, олар; адамның қажеттері, қызығулары, дүние Танымы, сенімі, мұраты. Солардың негізінде балалар іс-әрекеттерімен айналысады – ойын, оқу, еңбек. Әсіресе, оқу әрекетінде бұл компоненттер өзінің орнын табады.

Мысалы: рухани қажеттілік, оқу материалдарына қызығушылық, ғылыми дүниетанымы, өз ісіне сенімділік, мұратына жету барысында өмірдің мақсаттылығы айқындалады. Үйдегі бала мен балабақшаға баратын балалардың айырмашылығы жер мен көктей. Балабақшаға баратын баланың қызығушылығы, қарым – қатынасы,

мінез – құлық, бағдарлары мен қажеттіліктері, мотивтері, бейімділіктері және т.б. қалыптасады және өзгереді. Мұның барлығы баланың санасын есейтеді. Бұл жерде баланың физиологиялық, психикалық дамуының, жас ерекшеліктері есепке алынады. Қазіргі заманның баласы қатыгез деген ұғым қалыптасып келеді, бұған қайшы не? Мысалы: ата — аналар балаларын жиі мақтаса, бала өзін тым ерекше сезініп, өзімшіл болып кетуі мүмкін. Оның залалын бала өсе келе көрсете бастайды. Ал кейде тіпті керісінше, оның істеген істеріне, талап — талпыныстарына мән бермей қою және немқұрайлы қарау баланың еңбектенуге деген күштарлығын жойып жіберуі мүмкін. Сондықтан ересектер (ата -аналар) тарапынан мақтауды бала тәрбиесінде орынды қолдану маңызды. Онсыз бала мінезі басыла береді. Ал, балалардың бір — бірін мақтағаннан гөрі сөккенін ұнатуы қазіргі заманға жат құбылыс болмай бара жатыр. Бұл кімді болса да еріксіз қынжылтады. Бірақ мұны қазіргі заманның баласы қатыгез болуының себебі деп айту қиын. Әрине, қазіргі біздің қоғамымызға батыстық үрдістердің тереңдеп енуіне байланысты, қоғамда болып жатқан жахандану тенденциясына қарай, қазіргі балалардың психикасының бұзылуы олардың мінез — құлық мен өмірлік бағдарларының, құндылықтарының өзгеруі байқалады. Атап айтсақ, баланың бос уақытының дұрыс ұйымдастырылмауы, ата — аналар тарапынан тәрбиенің толыққанды болмауы, ақпараттық технология құралдарын баланың өз еркімен қалауынша қолдануы — оның өзімшіл, ашушаң, ұрысқақ, қатыгез болуына, жанашырлық езімін іркіп қалатынына ықпал ететіні сөзсіз. Бала тәрбиесінде мейірімнің маңызы ерекше. Жақсы да, жақсылықта жалпыға ортақ.

Педкеңестің № 2 хаттамасы.

Педкеңес өткізілген күні : 31.10.2023 ж

Қатысқан мұғалімдер : 41 мұғалім

Тақырыбы « Білім беру барысындағы сапалы білім мен тәрбие беру – мектептің басты ұстанымы»

Қаралатын мәселелер :

1. Баяндама : «Бастауыш сынып оқушыларының ізденушілік, зерттеушілік қабылеттерін арттыру» - Шүкірбаева К
2. Оқу-тәрбие жұмысы бойынша І-ші тоқсанда атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау, мектеп ұстаздарының жетістігі туралы және ІІ - ші тоқсанға жоспарланған жұмыстар мен міндеттер - ОІМ Тулебаева А.К
3. Әкімшілік құрамындағы мұғалімдердің қысқаша есебі.
4. « Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру. Орталықтың қызметін үйлестіретін жұмыс тобын құру. « Даналық мектебі» клубының жұмысын ұйымдастыру туралы - ДТЖО Сулейманова А.Х
5. 2023 жылдың желтоқпан айында біліктілік санаты аяқталатын мұғалімдердің тізімін жасақтап , 01.12.2023 жылға дейін ОББ- на ақпарат беру.
6. Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылдың қаңтар - ақпан айында мектептің мемлекеттік аттестаттаудан өткізілуі туралы .

Тыңдалды :

1. : «Бастауыш сынып оқушыларының ізденушілік, зерттеушілік қабылеттерін арттыру» тақырыбында бастауыш пәнінің мұғалімі Шүкірбаева Күнсұлу баяндама оқыды. Мақсаты: жеңілдетілген бағдарламамен оқып жатқан оқушылардың даму деңгейін бақылай отырып , олардың қабылдау деңгейін тереңдетіп зерттеу.

2. Сөз кезегі ОІМ А. Тулебаеваға берілді. Биылғы оқу жылын 05.09. 2023ж тарификацияға дейін 136 оқушымен бастадық , оның 32 үйден оқитындар болса , мектепке 104 келіп оқыды. Ал , қазіргі таңда І – ші тоқсанның аяғында бала саны 143 ке жетті . Кеткен оқушы - 1, денсаулығына байланысты үйден (жеке) оқытуға ауыстырылды . 7 оқушы қабылданды. оның 6 /уы үйден (жеке) оқытуға , ал 1 /уі мектепке . І тоқсанда көшпей қалған оқушы жоқ , барлығы толықтай көшірілді. Жыл басында жылдағыдай жоспарлар бекітіліп , жұмыс ойдағыдай басталып кетті. Әдеттегідей мамандар да өздерінің жеке және топтық жұмыс жоспарларын бекітіп , биылғы диагнозы ауырлау оқушыларды жеке бақылауға алды. Ата – аналармен жұмыс жоспарда көрсетілгендей кең көлемде қамтылды. Биылғы оқу жылындағы тағы бір өзгеріс әр аптаның дүйсенбісінде бірінші сағат сынып сағаты болып бекітілді. Биылғы жылдың атаулы күндері мен мерекелік күндер , бала дамуының жақсы қалыптасуы үшін маңызы бар тақырыптарды қамти отырып , әр дүйсенбі сайын өткізілген сынып сағаттар туралы ақпарат мектеп сайтына салынып отырды. Ұстаздар мерекесі қарсаңында ардагер ұстаздарды құрметтеу мақсатында осы салада көп жыл еңбек етіп , қазір зейнеткерлік демалыста отырған екі ардагер ұстаздарды үйлеріне барып құттықтап , құрмет көрсетілді. Махмутқызы Ағилаш пен Түзел Сағынғалиқызына гүл шоқтары табыс етіліп , оған қоса кәсіподақ ұйымы тарапынан 5000 теңгелік сертификат берілді.

Мектеп ауласында өткізілген мерекелік шараға Т.Сағынғалиқызы келіп оқушылар мен мұғалімдердің концертіне қатысып, өзінің мерекелік құттықтауын жолдады. Сол мерекелік шарада Дәулет ауылының әкімі үш мұғлімді алғыс хатпен марапаттады. Олар Мектеп директоры А.У Джумагазиева, директор орынбасары А.К Тулебаеваға және еңбек пәнінің мұғалімі Г. Тұрмағанбетова. Облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен және Кәсіподақ ұйымының алғыс хатымен де бірнеше ұстаздар марапатталды. Алдағы тоқсанда да атқарылатын жұмыстар өте көп, Мектеп еду форматындағы журналды толтыру жұмыс үнемі бақылауда.

3. Мектеп әкімшілігі құрамындағы мұғалімдердің ішінен дефектолог Утеева Ж сөз сөйледі, оның айтуынша соңғы кезде мектеп оқушыларының мезгіл ауысуына байланысты өзін-өзі басқарулары көбейгенін және әсіресе бастауыш сынып оқушылары үнемі бақылауды қажет ететіндігін ерекше айтып өтті, мектеп психологі Джалгабаева Улмекен оқушылардың қазіргі қиын жағдайына тағы тоқталды. 2а сыныбындағы Тойбасар Нұржігіттің жағдайы тіпті төмендеп кетті, ал 1 сыныптағы Максимғали Батырхан сабаққа қатыспай далада жүрсе, 3 сыныптағы Дүйсенбай Бейбарыс үнемі мұғалімнің қадағалауын қажет ететіндігі туралы айтты. Оқушылардың қоңырау кезіндегі тәртібі, денсаулық жағдайы, олардың тазалығы барлығы назарда, жауапты мамандар өз қызметін жоғары деңгейде атқаруда.

4. «Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру. Орталықтың қызметін үйлестіретін жұмыс тобын құру.

«Даналық мектебі» клубының жұмысын ұйымдастыру туралы - ДТЖО Сулейманова А.Х Биылғы оқу жылының тағы бір өзгерісі «Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру және жұмыс тобын құру туралы бұйрық шығарылып, ол жұмыстың мақсаты туралы ата – аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Осы мақсатты жауапты ДТЖО Сулейманова сөз сөйлеп, мұғалімдерге жасақталған орталық тобының қызметі туралы түсіндіріп өтті.

5. 2023 жылдың желтоқпан айында біліктілік санаты аяқталатын мұғалімдердің тізімін жасақтап, 01.12.2023 жылға дейін ОББ- на ақпарат беру. Биыл тек директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Тулебаева А.Қ ғана ІІІ ші дәрежелі директордың орынбасары санатының мезгілі ғана аяқталып тұр екен, құжаттары жинақталып 1.12.2024 ж. дейін тапсырылуы керек.


6. Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылдың қаңтар - ақпан айында мектептің мемлекеттік аттестаттаудан өткізілуі туралы. ОІМ Тулебаева А сөз сөйлеп, алдымыздағы 2024 жылдың ақпан айында мектепті кезекті аттестаттаудан онлайн түрінде өтетініміз туралы айтылды. Соған байланысты барлық тиісті құжаттарды желтоқсанның аяғына дейін сайдқа салып дайындауымыз керек. Барлық мұғалімдер соған дайын болуы керек. Оғанда комиссия құрамы бекітіліп, бұйрық шығу керектігін айтып өтті.

Қаулы :

1. «Ата – аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысы бақылауға алынып, жұмыстар жасалып, дер кезінде әр ай сайын ақпарат беріліп отырылсын. Оған жауапты ДТЖО Сулеймановаға міндеттелсін.
2. Ағымдағы жылдың ақпан айында өтетін мектепті аттесттау құрамы жасақталып, жұмыстарды реттеп бақылауға алу ОІМ Тулебаеваға міндеттелсін.

Педкеңес төрайымы: А.У Джумагазиева
Хатшы: А.К Тулебаева





Баяндама

*Тақырыбы: Бастауыш сынып оқушыларының ізденушілік, зерттеушілік
қабілеттерін арттыру*

Оқыған: К.Б.Шукирбаева

Бастауыш сынып оқушыларының ізденушілік, зерттеушілік қабілеттерін арттыру

«Балаға өз бетімен зерттеуге
мүмкіндік туғызған сайын
одан әрі жақсы оқи түседі»
Питер Клайн

Абай Құнанбаевтың жетінші қара сөзіндегі «Жас бала ападан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Екіншісі – керсем, білсем деп, ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, «оя неге өйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді», – деген ой тұжырым оқушының биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын үзуге талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан да оқушыны ізденушілік, зерттеушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс.

Өйткені бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығы басым болады. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

“Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының” басты мақсаты оқушылардың талдау, синтездеу, әрі ойлау қабілеттерін дамыту, яғни оқушылардың сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету, оқушыны ізденуге, өз бетімен қорытынды жасауға үйрету болып отыр.

“Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз” демекші, бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сондықтан қазіргі мектептің басты мақсаты – баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің ашылуына қолайлы жағдай жасау. Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізгі нысаны-жас ұрпақтың біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Бәсекеге қабілетті жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін оқушыны ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге үйрету бастауыш сыныптан басталуы қажет.

Оқушының танымдық өзгертушілік әрекеті зерттеушілік деп аталатын әдістің көмегімен жүзеге асырылады. Шығармашылық қабілетті дамытудың құралдары мен түрлі жолдарының арасында оқушының өзіндік зерттеу тәжірибесі өте тиімді болып табылады. Зерттеушілік білігі мен дағдылары бүгінгі күні ғылыммен айналысатын адамдарға ғана тән емес, түрлі саладағы әрбір адамның әрекетіне

қажет. Зерттеуші-оқушы өзінің табиғатынан зерттеуге беім келеді. Үлуге құмарлық, бақылау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізуге баланың балалығымен бірге жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігі-баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыруға, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады. 1999 жылдан бастап, оқушылардың зерттеушілік, ізденушілік, жобалау әрекеті біртұтас жүйе ретінде құрылды. Ал бүгінгі күні бұл әдістеме оқытудың құзіреттік тәсілі жағдайында ерекше қажеттілікке ие. Жоба — латын тілінен аударғанда «алдын ала» деген ұғымды береді. Зерттеу күнделікті қолданыста адамның танымдық әрекет түрлерінің бірі ретінде жаңа білімді игеру қабілетімен түсіндіріледі. Зерттеушілік оқыту- баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құралған оқытудың негізгі тәсілі. Зерттеудің жобалаудан айырмашылығы мынада. Зерттеу алдын ала жоспарланған нысанды құруды көздемейді. Ол белгісізді іздеу, жаңа білімді іздеу процесі. Бұл-адамның танымдық әрекеттерінің бірі. Осылайша, жобалау мен зерттеу басынан-ақ әрекет түрлерінің бағыттары, мәні мен мазмұны жағынан түрліше. А.И.Савенков “жобалау мен зерттеу бағыттылығы, мен мағынасы және іс-әрекетінің мазмұны бойынша әртүрлі”, атап көрсетті. Дегенмен жобалар әдісі мен зерттеу әдістерінің негізіне мыналар жатады:

- оқушының танымдық білігі мен дағдысын дамыту;
- ақпараттық кеңістікте бағдарлай алу білігі;
- өз білімін өздігінен құрастыра алуы;
- ғалымның әр саласының білімдерін кіріктіре алу білігі;
- сын тұрғысынан ойлай алуы;

Екі әдіс те оқушылардың өзіндік әрекетіне бағдарланған (дербес, топтық, жұптық), оны арнайы бөлінген уақыт аралығында (сабақтың бірнеше минуттарынан бастап бірнеше апталар мен тіпті айлар аралығында) орындайды. Жобалау технологиясы және зерттеушілік әрекет технологиясы төмендегілерді қамтиды:

- кіріктірілген білім мен оны шешудің зерттеушілік ізденісін талап ететін проблеманың болуы;
- алынатын нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы;
- оқушының өзіндік әрекетін;
- жобаның мазмұндық бөлігін оның кезеңдік нәтижелерін көрсете отырып құрылымдау;
- зерттеу әдістерін қолдану, яғни проблеманы және одан туындайтын зерттеу әдістерін анықтау; зерттеу әдістерін талқылау, ақпарат жинау, соңғы нәтижелерді рәсімдеу; алынған өнімнің тұсауын кесу, талқылаулар мен қорытындылар.

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді

болып есептеледі.

Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастырады.

Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі.

Зерттеу түрлері:

1) теориялық

2) фантастикалық

3) эксперимент

Теориялық – зерттеу мәселелерін теориялық талдау. Мәселелердің маңыздылығын, оның ерекшеліктерін, осы тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды сипаттау, сондай-ақ оның бүгінгі таңдағы шешілу жолдары. Осының барлығы зерттеу бөлімінің 1-ші теориялық мазмұнын құрайды.

Фантастикалық — өмірде болмайтын фантастикалық құбылыстар мен заттар жөнінде.

Эксперименттік – өзіндік байқаулар мен эксперименттерді жүргізуді талап етеді.

Балалар үшін ең қызықты эксперимент-нақты заттарға және олардың қасиеттеріне жасалған тәжірибелер. Оқушыларға әр түрлі тақырыпты беруге болады.

Экспериментальді (практикалық бөлім) зерттеу мәселелер мәнісін түсіндіретін немесе оны шешуге мүмкіндік беретін ғылыми әдістерді пайдалануды болжайды. Зерттеу жұмыстарының бұл кезеңі маңызды болып табылады, бұл кезеңде жоба авторы өзінің шығармашылық мүмкіндігін көрсете алады. Бұл кезеңде эксперименттер, байқау, сауалнама, әңгімелесу, сұрақ қою, интервью алу т.б. зерттеу әдістері пайдаланылады. Ғылыми зерттеуді жүргізу кезінде дұрыс ақпарат алу үшін бір емес, бірнеше әдістер жиынтығы қолданылады.

1. ТАҚЫРЫПТЫ ТАҢДАУ

Ғылыми зерттеу табыстылығының маңызды шарты-тақырыпты дұрыс таңдау. Тақырыпты таңдау – біржолғы процесс емес және қиын өзіндік ізденістің нәтижесі болып табылады. Тақырып оқушыларға қызықты, оларды тартатындай болу керек. Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек.

Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін тақырып аясын таңдау керек. Тақырып шынайы болу керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтері болу керек.

Зерттеу жұмысының басты шарты – оның жаңалығы және өзектілігі. Жұмыстың сәтті болуы үшін зерттенудің **мақсаты** мен **міндеттерін** ұғыну қажет.

Мақсат – бұл зерттеушінің ізденіс нәтижесі. Зерттеу мақсаты нақты және қол жетерлік болсын.

Міндеттер – қадамдарды, мақсатқа жету кезеңдерін көрсету болып саналады.

Жұмыстың өзектілігі – яғни бұл жұмыстың қазіргі кезеңіндегі проблемасы.

болжам-логикалық дәлелденбеген, тәжірибемен нақтыланбаған алын ала ойластырылмаған білім

Қорытындыда болжамды дәлелдейтін жобаның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары мазмұндалады, ұсыныстар беріледі.

Зерттеудің қол жетімді әдістері:

1. дербес ойлау
2. кітаптан оқып білу
3. кино, теле фильмдерден білу
4. интернет желісінен іздеп табу
5. басқа адамдардан сұрап білеу
6. байқау
7. эксперимент жүргізу.

Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу мақсатында «Мен-зерттеушімін», «Мен – жобалаушымын» деген дәптер арнату. Дәптерге оқушылар ғылым әлеміне ерудің түрлі жолдарын жазады, ұлы ғалымдар еңбегі, өмірінен мәліметтер береді. Оның маңызы оқушыларға практикалық та, теориялық та көмек бере алатынында. Ол әр баланың алдында жатады. «Мен-зерттеушімін» тақырыбында оқушылармен «дөңгелек стол», әңгімелер өткізуге болады. Алғашқы әңгімелерде «ғылыми жұмыстардың түрлері» сөз болады. Бұл жұмыстың тиімділігі оқушылардың ғылым туралы ұғымдарын кеңейтуге ықпал етіп, іздену, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстырады. Педагогикалық үрдісте балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы қажет. Зерттеу білігі мен дағдысы тек ғылыммен айналысатын адамға ғана емес, сондай-ақ әр адамның түрлі саладағы қызметіне қажет.

Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады.

Бастауыш сыныптан бастап ізденушілікке баулыса бала кішкентай кезінен өздігінен ой түйіп, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренеді, оны математика, логика сабақтарындағы оқушылардың белсенділіген байқауға болады. Оқушыларды зерттеу-ізденушілік жұмыстарға баулуды 2012 жылдан бері бастап, оқушылармен қызықты да өзекті тақырыптар таңдауға тырысамын. Биылғы оқу жылында оқушым Рахметтолла Аққу «Бәйтерек – асқақ арманның символы» ғылыми жобасын жоғары дәрежеде қорғап, аудан көлеміндегі «Нұрлы көжсек – 2015» кіші жастағы оқушылар жобалары байқауында Гран-при иегері атанды. «Нұрлы көжсек – 2014» аудандық байқауында оқушыларым Есенғали Ұлболсын мен Төлеген Жұлдыз «Қазіргі жастардың тіл мәдениеті» тақырыбындағы ғылыми жобасын сәтті қорғап, II орын иегерлері атанды. Жұмабай Ермек «Киіз үйдің мәдениеті» зерттеу жұмысымен 3 орын алды. «Нұрлы көжсек – 2013» кіші жастағы оқушылар жобалары байқауында Есенғали Ұлболсын еліміздің арғы бабаларымызды және осы күнге қалай жеткендігін анықтау мақсатында еліміздің аты «Жаманшұбар» тақырыбын зерттеп, III жүлделі орын алдық.

Зерттеу әрекеттері бала жаратылысына тән: білуге құмарлық, байқау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу сияқты табиғи құбылыстарды ынталандыра отырып, олардың жеке қасиеттерін ашуға жағдай жасайды. Алайда, бастауыш

сатыда зерттеушінің әдістерін қолданудың өзіндік қиындықтары бар. 1 өменгі жастағы баланы зерттеу тақырыбымен «қинауға» болмайды. Әрине, ол табиғатынан туа біткен зерттеуші, бірақ алғашқыда оған бәрі арнайы түрде үйретіледі: проблеманы қалай анықтауға болады, болжамды қалай құрылымдау керек, байқауды, экспериментті қалай жүргізу керек және т.б. қысқасы, оның зерттеушілік табиғаты үнемі педагогикалық қамқорлықты қажет етеді. Баланың айналасы өз бетімен танып білуге деген ұмтылысы негізінде құрылған оқытуда зерттеу тәсілін пайдалану ерекше орын алады. Балаларды оқытуда зерттеу тәсілін қолданудың қажеттілігі бола болмысының білмекке құмарлығымен, оны қоршаған дүниені зерделеуге деген қызығушылығымен түсіндіріледі. Оқушылардың өзіндік зерттеулері, олардың жеке қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, өзіндік зерттеулер интеллектуалды және зерттеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Өзіндік зерттеулердің көмегімен оқушылар қоршаған дүниені тани келе, өздері үшін жаңа білімдерді «дайын күйде» алмай, өз бетімен ашады. Кіші жастағы балалар тәжірибесінде жеке және ұжымдық зерттеулер қолданылады.

Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушының:

- Ой-өрісі мен рухани жан дүниесінің дамуына ықпал етеді, Өз бетінше жұмыс жасауға үйреніп, зерттеулер жүргізуге бейімделеді;
- Ой жүйелілігі мен шешендік өнері қалыптасады;
- Танып-білу, талдау-жинақтау, салыстыру, бастысын бөліп шығару, өмірде қолдану әдістерін меңгереді;
- Оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттырып, оқушылардың жоғары шығармашылық деңгейін қамтамасыз етеді.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет.